



Құрылыста, өндірісте және қызмет көрсету саласында іскерлік белсенділік өсті


Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаментінің
директоры Рүстем Оразалиннің 2026 жылғы тамыздағы
іскерлік белсенділік туралы түсіндірмесі

Астана қ.

2026 жылғы 3 қыркүйек

2026 жылғы **тамызда** іскерлік белсенділік индексі (ИБИ) **50,6-ны** құрап, оң аймаққа өтті.

Іскерлік белсенділік құрылыста, өндірісте және қызмет көрсету саласында артты. Бұл салалардағы индекстер тиісінше **54,8**, **52,1** және **50,9-ды** (шілдеде – 51,8, 52,1 және 50,4) құрап, өсу аймағында қалды. Сауда және тау-кен өндіру өнеркәсібінде де индекстер жоғарылады, бірақ көрсеткіш **48,8** және **48,6-ны** (шілдеде – 46,8 және 47,1) құрап, бейтарап деңгейден төмен қалды.



2026 жылғы тамызда **бизнес-ахуал индексі 10,7** болды. Бизнесті жүргізудің ағымдағы жағдайларын бағалау төмендеді, ал алдағы кезеңге қатысты күтулер шамамен өзгеріссіз қалды.

ИБИ мен БАИ динамикасы туралы толық ақпарат **Ашық деректер репозиторийінің бета-нұсқасындағы Qlik Sense платформасының «Талдау» бөлімінде дашборд түрінде берілген және [сілтеме](#) арқылы қолжетімді.**

Интерактивті дашборд деректер іріктемесін қалыптастыруға, сүзгілерді қолдануға, диаграммалар құруға, көрсеткіштерді кез келген кезең бойынша талдауға, сондай-ақ экономика секторлары мен кәсіпорындардың көлемі (ірі, орта және шағын) бойынша нәтижелерді қарауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, таңдалған параметрлер бойынша Excel форматында уақыт қатарларын жүктеуге болады.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz